2024-2025 о.ж.

# Әдістемелік кеңес отырысының №1 хаттамасы

25.09.2024 ж.

Қатысқандар - 32

Күн тәртібі:

1. 2023-2024 оқу жылындағы жұмысты талдау және 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарларын бекіту.
2. 2024-2025 оқу жылына мұғалімдерді аттестаттау курстың даярлау және ОПТ жалғастау бойынша жұмысты ұйымдастыру.
3. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік-нұсқаулық хатпен танысу, зерттеу.
4. Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша басшының ТЭЖ бойынша орынбасары А.Б. Бектасова тыңдалды.

Бірінші сұрақ бойынша А. Бектасова 2023-2024 о.ж. атқарылған жұмыс талдауымен таныстырып шықты. Өткен оқу жылындағы қойылған мақсат-міндеттер қанағаттанарлық деңгейде орындалғанын айтылды. Сонымен қатар алдағы оқу жылына да көптеген мақсат міндеттер қойылып отырғанын ескертілді. Атап өтсек, мұғалімдердің ғылыми зерттеу жұмыстарының, әр түрлі деңгейдегі байқауларға, семинар, конференцияларға қатысуы төмен деңгейде жүргізілетіні ескерініп, алдағы оқу жылына іске асыру керектігі айтылды.
Жаңа 2024-2025 оқу жылына құрылған жұмыс жоспарымен және онда қаралған сұрақтармен таныстырып шықты. Әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарына мыналар кіреді: педагогикалық кадрлармен, дарынды балалармен және оқу мотивациясы төмен балалармен жұмыс, педагогтердің біліктілік арттыру курстарынан өту және т.б. Әдістемелік жоспар қаралып, бекітуге ұсынылды.

Екінші сұрақ бойынша 2024-2025 оқу жылында мектептің педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарынан өту және аттестаттау жағдайын талдады. Осы оқу жылында жеті педагог аттестаттаудан өтеді: Олар Омарова С.Т., көркем еңбек пәнінің мұғалімі

"педагог-зерттеуші" санатын растау, Сулейменова А.С. қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі "педагог-зерттеуші" санатын растау, Маканова Ш.А., ағылшын тілі пән мұғалімі "педагог-сарапшы" санатын беру, математика, информатика пән мұғалімі Махаббат Бегзат "педагог-сарапшы", "педагог-модератор" санатын алу, Бақыттай Үміт, бастауыш сынып мұғалімі "педагог-модератор" санатын алу, Наумова К.В., бастауыш сынып мұғалімі "педагог-модератор" санатын беру, Оспанов Б.А., дене шынықтыру, АӘД пән мұғалімі "педагог-модератор" санатын беру. Барлық ұстаздарға аттестациядан өту кезеңдері айтылды. Ұстаздар аттестацияның бірінші кезеңі ПБ.Б-ға дайындықтарын бастап кеткені айтылды. 2024-2025 оқу жылында перспективалық жоспарға сәйкес біліктілік курстарын өту, ОПТ бойсу жұмыстары да жалғасатыны жайлы мектеп педагогтеріне ескертілді.

Үшінші сұрақ бойынша мектеп әдіскері А.Бектасова мектеп ұжымын 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік-нұсқау хатпен таныстырды. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымдары осы әдістемелік-нұсқау хатты басшылыққа алу қажеттілігі жөнінде айтылды.

Күн тәртібіндегі төртінші сұрақ дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру. Жаңа оқу жылына пән мұғалімдеріне дарынды балалар тізімін құрып, алдағы уақытта жүргізілетін жұмыс жоспарын құру айтылды. Оқушыларды Республикалық пән олимпиадаларына дайындап, әр түрлі деңгейде ұйымдастырылған байқауларға белсенді қатысуға шақырды.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес шешім қабылдады:

Шешім:

1. 2024-2025 оқу жылына әдістемелік жұмыс жоспары бекітілсін.
2. 2024-2025 оқу жылына мектептің педагог қызметкерлерін курстық даярлау жоспары мен аттестаттау жоспары бекітілсін.
3. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік-нұсқау хатта барлық көрсетілген ережелер оқу-әдістемелік үрдісте қолданысқа тапсын.
4. 2024-2025 о.ж. дарынды балалармен жұмыс жоспары бекітіліп, іске асырылсын.

ӘК төрайымы: Бектасова А.Б.
Хатшы: Тринеева А.Т.